

Халықаралық "DIDAR-KAZAKSTAN" журналын шығару туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 12 қантар N 47

Қазақстан Республикасы туралы және елімізде болып жатқан өзгерістер туралы әлем жүртшылығын жүйелі хабардар ету, экономиканың, саясаттың, мәдениеттің, ғылым мен білімнің түрлі салаларында өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту, шетелдік әріптестермен іскерлік байланыстар орнатуға қолдау жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің баспасөз қызметтерінің, "Дидар" баспа компаниясының /Алматы/, "Атамекен" корпорациясының /Нью-Йорк/ ағылшының, француз және неміс тілдерінде жарық көретін халықаралық "DIDAR-KAZAKSTAN" журналын шығару туралы ұсынысы мақұлдансын.
2. Журналдың шығарушылары Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің баспасөз қызметтері, "Дидар" баспа компаниясы мен "Атамекен" корпорациясы деп белгіленсін.
3. Журналды шығару, оған жазылу және оны тарату демеушілер бөлген қаражатты тарта отырып, жүзеге асырылатындығы назарға алынсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі